

«Бастауыш сыныптың құзырлы мұғалімі -табысты оқытудағы басты тұлға»

2024 жылдың 28 ақпанында бастауыш сынып педагогтеріне арналған «Бастауыш сыныптың құзырлы мұғалімі -табысты оқытудағы басты тұлға» тақырыбында Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен қалалық семинар өтті.

Семинарды мектеп директоры Мукашева Кулназия Жумабаевна ашып, сөз сөйледі. Қалалық білім бөлімінің әдіскері Динара Өмірзаққызы мектеп ұжымына сәттілік тілеп бағдарлама бойынша келген қонақтар ашық сабақтар мен іс-шараларға қатысты.



Семинардың практикалық бөлімінде бастауыш сынып мұғалімдері Ибраева Ж.Ж 3 «Ә» сыныбымен мектебімізге есімі берілген батырдың тарихынан тағылым беру мақсатында «Кейкі – қайсар рух иесі» тақырыбында мектеп мұражайында іс-шара өткізді.

Ибатова Г.Ш. 1«Б» сыныбымен дүниетану пәнінен «Елімнің мемлекеттік рәміздері», Мұханбетқали Ж.С 1 «Ә» сыныбымен ана тілі пәнінен «Мәтін» тақырыбында, «Сколько весит слон» 2 «В» сыныбен Драганчук Н.А., «Зат есімнің жекеше және көпше түрі» тақырыбында қазақ тілден ашық сабақты 2«Б» сыныбымен Байшова Қ.А., әдебиеттік оқу пәнінен «Жыл басына таласқан жануарлар» 2«А» сыныбымен Алекина А.Б., литературное чтение «Лесли Риис Про Сарли, черепаху с большого барьерного рифа» тақырыбында 4«В» сыныбымен Бахтина Т.А. ашық сабақтар өткізді. Сабақ барысында: «Бағдар шам» әдісі, «Ыстық орындық» әдісі, “Сиқырлы дөңгелек” ой қозғау әдісі бойынша “Алма ағашы”, дәптермен, тақтамен жұмыс, “Аквариум”,



«Спинер» әдістері арқылы өткен тақырып пысықталса, жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде «Сағат тілі» әдісі, сахналық қойылым арқылы дамыды. «Төлқұжат әдісі» арқылы бағаланып, ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып «Бір шәугім шәй», «Алшы асық», «Шаңырақ» секілді әдіс-тәсілдер арқылы өткен сабақпен жаңа сабақты сабақтастыра түсіндірілді. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту мақсатында топтық жұмыс «Шығармашылық үзіліс», жұптық жұмыс «Кел ойна, тез ойла» ойыны, жекелей жұмыстарға семантикалық тапсырмалар берілді «Білім поштасы» әдісі арқылы кері байланыс жасалды.



«Ата-аналар мектебі» жобасы аясындағы ата мен немеренің тәрбиелік үлгісі «Ақылды қария-ағынды дария» атты сайысын Ешмағалиева А., Бирмағамбетова С.Қ. өткізсе, Н.С.Бекешева «Учитель нового формата - ориентир качественного образования» тақырыбында сабақтарында қолданып жүрген әдіс-тәсілдерімен бөлісті, теориялық мәлімет берді.

Семинардың соңында мектебіміздің психологы А.О.Танаберген «Жақсы көңіл-күй жанға қуат» атты тренинг өткізді.

Семинарға қатысқан әріптестер мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларының өнерлерін тамашалап, өздерінің алған

әсерлерін, пікірлерін айтып, кері байланыс жасады, ризашылықтарын білдірді.



Семинардың соңында мектебіміздің психологы А.О.Танабергенов «Жақсы көңіл-күй жанға қуат» атты тренинг өткізді. Семинарға қатысқан әріптестер мектебіміздің ұстаздары мен оқушыларының өнерлерін тамашалап, өздерінің алған әсерлерін, пікірлерін айтып, кері байланыс жасады, ризашылықтарын білдірді.